



ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ: Сыртқы жиынтық бағалаудың халықаралық практикасын қолданудың 12 сынып оқушыларының білім сапасына әсерін зерттеу

<https://youtu.be/pLGAkWcSis>

Кариева Гульмира Жетпискалиевна

Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің математика пәнінің мұғалімі

Зерттеудің көкейтестілігі

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің мектеп түлектерінің 12 сыныпты аяқтаған соң Cambridge Primary stage, IGCSE, AS-level және A-level және басқа да халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сыртқы жиынтық бағалаудан сәтті өтуі маңызды мәселелердің бірі болып саналады.

Зерттеу мәселесі мен мақсаты

Проблема: Оқушылардың типтік қателерге назар аудармауы, балл қою схемасы арқылы бағалау дағдысының қалыптаспауы нәтижесінде СЖБ мен ІЖБ ққосеткіштері арасындағы алшақтықтың орын алуы.
Зерттеу мақсаты: СЖБ -ды ұйымдастырудың халықаралық практикасына сүйене отырып оқушыларды балл қою схемасымен жұмыс істеуге дағдыландырудың олардың қорытынды емтихан нәтижелеріндегі білім сапасына әсерін зерттеу

Зерттеу міндеттері мен әдістемесі

Міндеттері: СЖБ-ды тексерудің халықаралық практикасын зерделеу және оны қолдануға оңтайландыру Бірнеше сабақтар жоспарын жасақтау және сыни дос көмегімен жетілдіру; сауалнама жүргізу; СЖБ нәтижелерін талдау және қорытындылау
Зерттеу әдістемесі: деректер жинау, өңдеу, эксперимент жасау, сұхбат және сауалнама жүргізу, алынған нәтижелерді талдау

Әдебиеттер:

- Определение значимых умений самостоятельной работы для успешного обучения в вузе / Г. В. Милованова [и др.] // Интеграция образования. 2017.
- What is independent learning and what are the benefits for students? Bill Meyer, Naomi Haywood, Darshan Sachdev and Sally Faraday London: Department for Children, Schools and Families Research Report 051, 2008
- Independent learning: student perspectives and experiences /Liz Thomas, Christine Hockings, James Ottaway and Robert Jones/

Эксперимент жасау /Оқушымен кері байланыс/

Сабақтарда оқушылар топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалды. Әр топтың оқушылары өзге оқушылардың жұмыстарын марксхема арқылы тексерді және оларды топ басшылары екінші рет қарап кейбір сұрақ тудыратын мәселелерде пікірталас жүргізіліп ортақ шешімге келіп отырды. .

Барлық топ басшыларына мұғалім тарапынан бақылау жүргізіле отырып нақты кері байланыс беріліп отырды.


. Бұл зерттеу дағдысының оқу, жағдайды талдау, жаңа жағдайларға икемделу, мәселелерді қою және шешім қабылдау, өз жұмысының сапасына жауап беру, өз уақытын ұйымдастыра білу; топта жұмыс жасау дағдыларын жүзеге асыру барысында тиімді әдісті таңдалғанын көрсетті /*сыни дос пікірі*/.



Бастамашыл, төзімділік, уақыт




Қызығу, мақсат қою, тәуекел ету



Рефлексия, жауаптылық, сыни ойлау



Қорытынды емтихан нәтижелері



Зерттеу нәтижелерін салыстыру және талдау

Қорытындылар:

Оқу жетістіктерін шынайы бағалау барысында ілгерілеушілік байқалды.

Бұл әдіс оқушылардың дайын немесе өздері құрастырған марксхеманы қолдану арқылы оқушының оқу жетістіктерін өзін-өзі немесе сыныптастарын бағалау дағдысын дамыту, өз іс-әрекетіне рефлексия беру тәрізді күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді

Бұл әдіс оқушылардың және мектеп ұжымының қажеттіліктерін қанағаттандырады, өйткені марксхеманы дұрыс түсіну оқушының сыртқы жиынтық бағалауға саналы дайындалуына, өз мүмкіндіктерін бағалай білуге сол арқылы өз оқуын ұйымдастыра алуға, өз білімін объективті бағалау дағдысын дамытуына ықпал етеді.